

"Кәсіпкерлік қызмет бостандығына мемлекеттік кепілдіктерді іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 29 қаңтардағы N 3344 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Еңбекақының, зейнетақылардың, жәрдемақылардың уақтылы төленуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті төлемдердің аударылу тәртібін сақтау мақсатында қаулы етемін:

1. "Кәсіпкерлік қызмет бостандығына мемлекеттік кепілдіктерді іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 14 маусымдағы N 3036 U963036_ Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 27, 227-құжат) 2-тармағының 1-тармақшасы "егер заңда өзгеше көзделмеген болса" сөздерінің алдынан " еңбекақының, зейнетақылардың, жәрдемақылардың уақтылы төленуін, Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті төлемдердің аударылу тәртібін сақтауды тексерулерді қоспағанда" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*